Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті

ӘОЖ 616-08-035 Қолжазба құқықтарында

БАЙБОЛОВА МОЛДИР КАНАТОВНА

Жүрекке ашық отадан кейінгі науқастарда жүрек оңалтуының жүйелі бағдарламасындағы жаттығулардың әдістемелік аспектілері

8D10110 – Медицина

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер
медицина ғылымдарының докторы
Баймагамбетов А.К.
доктор PhD
Болатбеков Б.А.

Шетелдік ғылыми кеңесші
медицина ғылымдарының докторы,
профессор
Kudaiberdieva G.

Қазақстан Республикасы
Түркістан, 2025

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР..... 3
АНЫҚТАМАЛАР..... 4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР..... 6
КІРІСПЕ..... 7
1 ӘДЕБИ ШОЛУ..... 12
1.1 Қазіргі әлемдегі қан айналымы жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітім мен сырқаттанушылық үрдістері..... 12
1.2 Жүрек оңалту бағдарламалары..... 27
1.3 Жүрек оңалтудың кардиохирургиядағы маңызы мен ерекшеліктері.... 29
2 ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ..... 40
2.1 Материалдың жалпы сипаттамасы..... 40
2.2 Зерттеу әдістері..... 44
2.3 Статистикалық өңдеу..... 45
2.4 Кардиореабилитация бағдарламасының құрылымы..... 46
1-бөлім бойынша қорытындысы..... 55
2.5 Жалпы зерттеу дизайны..... 55
3 ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ..... 57
3.1 Науқастардың клиникалық сипаттамасы..... 57
3.2 Оңалту бағдарламасы кезіндегі жаттығудың күштемесін бағалау..... 62
3.3 6 минуттық жүру тестін бағалау..... 63
3.4 Оңалту бағдарламасының нәтижелері..... 64
3.5 Өмір сүру сапасын бағалау..... 67
3.6 Стерномедиастинитпен асқынған науқастарға арналған зерттеу нәтижелері..... 69
2-бөлім бойынша қорытындысы..... 78
ҚОРЫТЫНДЫ..... 82
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ..... 83
ҚОСЫМША А – Енгізу актілері..... 93
ҚОСЫМША Ә – Авторлық куәліктері..... 96

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесідей мемлекеттік үлгіқалыптарға сілтемелер жасалды:

Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылдың 30 тамазда республикалық референдумда қабылданған.

Қазақстан Республикасының Кодексі. Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы: 2020 жылдың 7 шілдесі, №360 қабылданған (бұдан әрі – Кодекс).

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің Бұйрығы. Медициналық оңалту көрсету қағидаларын бекіту туралы: 2020 жылдың 7 қазанда, №ҚР ДСМ-116/2020 бекеітілген.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің Бұйрығы. Медициналық қызметтердің сапасы жөніндегі біріккен комиссияны қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы: 2020 жылдың 29 қазанда, №ҚРДСМ-168/2020 бекітілген.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің Бұйрығы. Диагностиканың, емдеудің және медициналық оңалтудың жаңа әдістерін қолдану қағидаларын бекіту туралы: 2020 жылдың 27 қарашада, №ҚР ДСМ-208/2020 бекітілген.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің Бұйрығы. Денсаулық сақтау технологияларына бағалау жүргізу және оларды қолдану қағидаларын бекіту туралы: 2020 жылдың 30 қарашада, №ҚР ДСМ-215/2020 бекітілген.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің Бұйрығы. Медициналық қызметтерді тұтынушыларды есепке алуды жүргізу және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек алуға құқық беру қағидаларын бекіту туралы: 2020 жылдың 29 желтоқсанда, №ҚР ДСМ-333/2020 бекітілген.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің Бұйрығы. Пациенттер мен медицина қызметкерлерінің құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында медициналық ұйымдарда қолданылатын техникалық бақылауқұралдарын, байқау және тіркеу аспаптарын, фото-, бейнеаппаратураларды қолдану қағидаларын бекіту туралы: 2020 жылдың 30 желтоқсанда, №ҚР ДСМ-335/2020 бекітілген.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің Бұйрығы. Клиникалық хаттамаларды практикалық денсаулық сақтауға ендіру және ендіру тиімділігін бағалау әдістемесін бекіту туралы: 2020 жылдың 12 қарашада, №ҚР ДСМ-189/2020 бекітілген.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің Бұйрығы. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті "республикалық мемлекеттік мекемесінің ережелерін бекіту туралы": 2020 жылдың 8 қазанда, №644 бекітілген.

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей анықтамаларға сәйкес терминдер қолданылды:

Денсаулық – аурулар мен физикалық кемістіктердің болмауы ғана емес, толық физикалық, рухани (психикалық) және әлеуметтік салауаттылық жағдайы;

Денсаулық сақтау – аурулардың алдын алуға және оларды емдеуге, қоғамдық гигиена мен санитарияны қолдауға, әрбір адамның дене және психикалық денсаулығын сақтауға және нығайтуға, оның белсенді ұзақ өмір сүруін қолдауға, денсаулығынан айырылған жағдайда оған медициналық көмек көрсетуге бағытталған саяси, экономикалық, құқықтық, әлеуметтік, мәдени, медициналық сипаттағы шаралар жүйесі;

Денсаулық сақтау технологияларын бағалау – денсаулық сақтау технологияларының салыстырмалы дәлелденген клиникалық және клиникалық-экономикалық (фармакоэкономикалық) тиімділігі мен қауіпсіздігін, сондай-ақ оларды қолданудың экономикалық, әлеуметтік және этикалық салдарларын Денсаулық сақтау саласында шешімдер қабылдау үшін жүргізілетін кешенді бағалау;

Жүрекшелердің фибрилляциясы – жүрекшелердің ретсіз электрлік белсенділігімен сипатталатын, олардың жиырылу функциясының кейіннен нашарлауымен сипатталатын қарыншаүстілік тахиаритмия.

Жүрек клапандарының пластикалық хирургиясы – бұл жүрек клапандарының деформациясы мен ақауларын жоюға бағытталған хирургиялық араласумен айналысатын хирургия бөлімі.

Жүрек клапандарын протездеу – қызметі қайтымсыз бұзылған бір немесе бірнеше жүрек клапандарын протезбен ауыстырудың хирургиялық отасы.

Емдеу – аурудың ағымын жоюға, тоқтата тұруға және (немесе) жеңілдетуге, сондай-ақ оның өршуінің алдын алуға бағытталған медициналық қызметтер кешені;

Клиникалық зерттеу – субъект ретінде адамның қатысуымен аурулардың профилактикасы, диагностикасы және оларды емдеу құралдарының, әдістері мен технологияларының қауіпсіздігі мен тиімділігін анықтау немесе растау үшін жүргізілетін зерттеу;

Медициналық көмек – дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді қоса алғанда, халықтың денсаулығын сақтауға және қалпына келтіруге бағытталған медициналық қызметтер кешені;

Медициналық қызмет – техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім алған жеке тұлғалардың, сондай-ақ заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасы халқының денсаулығын сақтауға бағытталған кәсіптік қызметі;

Медициналық оңалту – науқас организмінің функцияларын сақтауға, бұзылған және (немесе) жоғалтқан функцияларын ішінара немесе толық қалпына келтіруге бағытталған медициналық көрсетілетін қызметтер кешені.

Оңалту әлеуеті – белгілі бір уақыт аралығында науқас организмінің бұзылған және (немесе) жойылған функцияларын ішінара немесе толықтай қалпына келтірудің клиникалық тұрғыдан негізделген мүмкіндігі.

Оңалту бағдарының шкаласы – халықаралық компоненттерінің жіктемесінің жұмыс істеуінің халықаралық жіктемесінің немесе балалар мен жасөспірімдердің жұмыс істеуінің халықаралық жіктемесінің өлшемдері негізінде БӘФ-ны(биоәлеуметтік функция) бағалаудың жиынтық көрсеткіші. Қалыптасуы мынадай өлшемдер негізінде жүзеге асырылады: b - функцияны бағалау, d - белсенділікті бағалау, s - организмнің құрылымы, e - қоршаған ортаның факторлары.

Оңалту баллы – оңалту араласулары нәтижесінде тіршілік әрекеті мен денсаулықтың жұмыс істеуінің, шектелулерінің халықаралық өлшемі d доменінің ауытқу дәрежесі бойынша оңалту диагнозын бір қадамға өзгерту.

Оңалту диагнозы – туындаған зақымданудың сипаттауды және осы бұзушылықтың салдарынан болған тұрмыстық және кәсіби дағдыны халықаралық компоненттерінің жіктемесі жұмыс істеуінің халықаралық сыныптамасының өлшемшарттары және балалар мен жасөспірімдердің жұмыс істеуінің халықаралық сыныптамасы ХКЖ-БЖ негізінде БӘФ қамтитын аурудың (жарақаттың) қызмет етуінің салдарын бағалау өлшемін көрсететін диагноз.

Оңалту картасы – науқастың объективті жағдайы, жүргізілген зерттеулер, оңалту емінің нәтижелері туралы деректер көрсетілген Кодекстің 7-бабының 31 тармақшасына сәйкес бекітілген бастапқы медициналық құжаттама нысаны.

Науқасты/мүгедекті жеке оңалту бағдарламасының медициналық бөлімі (бұдан әрі – ОБМ) – медициналық оңалту жүргізудің нақты көлемін, түрін және мерзімін анықтайтын құжат.

Тіршілік әрекеті мен денсаулықтың қызмет етуінің, шектелуінің халықаралық жіктемесі – денсаулық компоненттерінің, тіршілік әрекеті мен жұмыс істеуінің шектелуінің жіктемесі (бұдан әрі - ХКФ).

Өмір сүру мен денсаулықтың қызмет етуінің, шектеулерінің халықаралық жіктемесі – бұл өмір тіршілігі мен денсаулықтың жұмыс істеуі, шектелуі, оның ішінде балалар мен жасөспірімдер үшін (бұдан әрі – ҚХЖ БЖ) компоненттерінің жіктемесі (бұдан әрі- ҚХЖ).

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ДДҰ – Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы
ЖАП – жүрекшеаралық перде
ЖЖ – жүрек жеткіліксіздігі
ЖСЖ – жүрек соғуының жиілігі
ЖИА – жүректің ишемиялық ауруы
ЖФ – жүрекшелік фибрилляциясы
МИ – миокард инфаркты
ЖО – жүрек оңалтуы
КШ – коронарлық шунттау
ӨҚҚ – өкпе қан қысымы
МҚ – митральды қақпақша
МКШ – маммарлық-коронарлық шунттау
ЖЫБ – жүрек ырғағының бұзылысыДД
ОЖ – оң жақ жүрекше
РЖА – радиожиілікті аблация
СЖ – сол жақ жүрекше
СЖЖ – созылмалы жүрек жеткіліксіздігі
СҚ – сол жақ қарынша
СЫ – синус ырғағы
ТЭ – тромбоэмболия
ЛФ – лақтырылу фракциясы
СҚЛФ – сол қарыншаның лақтырылу фракциясы
ФК – функционалдық класс
ЭКГ – электрокардиограмма
ЭКС – экстракардиальды стимулятор
ЭХОКГ – эхокардиография (жүректің УДЗ)
NYHA – Нью-Йорк жүрек ассоциациясының жіктелуі
ОБШ – Оңалту бағдарының шкаласы

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі

Жүрек ауруларынан болатын өлім-жітім бүкіл әлемде себептердің арасында бірінші орында және Қазақстан да бұл жағдайдан тыс емес. ДДҰ деректері бойынша бүкіл әлемде жүрек ауруларынан болатын өлім-жітім 31%-ды құрайды, ал Қазақстанда денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығының (ДСДРО) деректері бойынша 23%-ды құрап отыр. Сондай-ақ, қан айналымы жүйесі ауруларынан (ҚЖА) болатын ауру 2019 жылға қарағанда 2020 жылы 5,9%-ға, ал өлім-жітім 18,2%-ға өсті [1-3].

Жүрек ауруларын жүргізу бойынша клиникалық ұсыныстарды бірнеше қоғамдар мен ұйымдар әзірледі [4]. Осы нұсқаулықтардағы емдеудің жалпы мақсаттары: симптомдарды дәрі-дәрмекпен және ота жасау арқылы жеңілдету, сонымен қатар болашақта жүрек-тамыр ауруларының оңалту көмегімен алдын алу болып табылады. Ашық жүрек хирургиясы - бұл жүрек қуысын ашатын хирургиялық ота түрі. Осындай отаны жүргізу үшін жасанды қанайналым аппараты қолданылады. Ота кезінде жүрек пен өкпе дәл осы аппаратты алмастырады, олар қан айналымы жүйесіне қатыспайды, осылайша хирург "құрғақ" жүрекке ота жасай алады. Жасанды қан-айналым аппаратының жұмысы барлық веноздық қан, жасанды қанайналым аппаратына еніп, оксигенатор деп аталатын жасанды өкпе арқылы өтуге негізделген. Оксигенаторда қан оттегімен қанығып, көмірқышқыл газын шығарып, оны артериялық қанға айналады. Содан кейін қан, қан айналымының үлкен шеңберімен айналып, науқастың аортасына сорғының көмегімен жеткізіледі. Жасанды қанайналым аппаратының жұмысы жүрек пен өкпені ұзақ уақытқа (бірнеше сағатқа) тоқтатуға мүмкіндік береді [5].

Күрделі кардиохирургиялық араласудан кейін науқастардың организмы күрделі және әртүрлі салдарларға ұшырайды. Организм өзінің функционалды қабілетінде қорғаушы бола отырып, араласуға дейін және одан кейін әртүрлі патологиялық процестер мен асқынуларды тудыруы мүмкін (яғни, ол кейінгі қалпына келтіру кезеңінде де болуы мүмкін). Осы салдардан сәтті өту және отадан кейінгі ерте және кеш асқынулардың алдын алу жүрек оңалту іс-шаралардың бүкіл кешенінің тиімділігін көрсетеді [6].

Кардиохирургиялық бейіндегі науқастарға кардиологиялық, тыныс алу, гемореологиялық, постстернотомиялық, психопатологиялық, гиподинамикалық, метаболикалық синдромдар кешендері тән. Жүрек оңалту шаралары жоспарын жасау кезінде, осы синдромдардың барлығының болуы, міндетті түрде қарастырылуы керек.

Кардиохирургиялық науқастарды кезең-кезеңмен емдеу және оңалту науқастардың мүгедектікке шығу көрсеткіштерін төмендетуге, еңбекке жарамсыздық парақшасындағы уақытын азайтуға, жедел миокард инфарктысының қайталану, асқынулардың пайда болуы, тыныштық стенокардиясы, созылмалы жүрек жеткіліксіздігі, аритмия сияқты асқынулардың санын азайтуға мүмкіндік береді.

2023 жыл басында Қазақстан Республикасында ашық жүрекке 6148 ота жасалды. Бұл 2022 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 7,1% артқандығын көрсетеді [1, с. 5-9].

Жүрек оңалтуы (ЖО) - бүкіл әлемде жүрек-қан тамырлары ауруларының (ЖҚА) ауыртпалығын жеңілдету үшін әзірленген медициналық көмектің нақты қалыптасқан үлгісі болып табылады [7]. ЖО негізгі артықшылықтарына метаболикалық эквиваленттердің 33%-ға және оттегінің максималды тұтынылуының 16%-ға артуы кіреді. Жаттығу жасау барысындағы бұл жақсару, өмір сапасы мен жүрек-тамыр салдарына пайдалы әсер етумен байланысты. Сондықтан жүрек - қан тамырлары аурулары бар науқастарға көмектесудің тиімді әдісі ретінде қауіп факторлары мен жүрек оңалту бағдарламалары туралы түсіну керек. ЖО көп компонентті болғандықтан кешенді әдіс болып табылады. Осыған орай ЖО қызметтерінің сипаты мен сапасы әр түрлі болуы мүмкін, бұл өз кезегінде емделуші үшін пайда дәрежесіне әсер етеді. ЖО сапа көрсеткіштерін немесе тиімділік көрсеткіштерін әр түрлі ЖО қоғамдарымен бекітіледі. Әрдайым қолданыстағы ЖО компоненттерінің 20 индикаторы бар. Бірақ, ЖО осы стандарттарға сәйкес нақтыланған ба, жоқ па, ол жеткілікті түрде сипатталмаған. Жүргізілген мета-талдауларға сүйене отырып, жүрек оңалтуы жүрекке ашық отадан кейін болатын өлім және қайта ауруханаға түсу қауіпін шамамен 20% төмендетеді деп айтуға болады [8-11].

Сонымен қатар, ЖО-мен айналысатын ірі клиникалар ЖҚА қайталама профилактикасының барлық негізделген компоненттері мен нақты элементтерін (мысалы, темекі шегуді тоқтату бойынша, диеталық кеңес беру және стрессті басқару, дәрі-дәрмекпен енгізу және т.б.) құзыретті түрде тағайындауды ұсынады [12, 13]. Дегенмен, ЖО медициналық бағдарламаларының саны мен сипаты туралы, сондай-ақ Қазақстан халқына оңалту көмегін көрсететін ауруханалар мен бөлімшелер туралы мәлімет өте аз; бұдан басқа, мұның ЖҚА қауіп факторларын қоса алғанда, ЖО барлық негізгі компоненттерін беруге қалай әсер ететіні бізге белгісіз. Ауру мен өлім қаупін алдын алу үшін пәнаралық оқыту және жаттығу бағдарламасын қамтамасыз ете отырып, ЖО жүрек-қан тамырлары аурулары бар адамдарға үздіксіз күтім жасаудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, ал бұл мәселе халықаралық деңгейде ЖО бағдарламалардың әртүрлі модельдер көмегімен жүзеге асырылады [14, 15].

Кейбір авторлар егде жастағы науқастарда кардиореспираторлық жағдайдың жақсарғаны туралы хабарланды. Алайда, жас науқастармен салыстырғанда, қарт науқастарда ЖО-ға жауап ретінде әлдеқайда төмен мөлшерде жақсарғаны байқалды. Осы себептерге байланысты клиникалар егде жастағы науқастарға белсенді жаттығу бағдарламаларын тағайындауға жасқануы мүмкін. Сонымен қатар, әйелдерде ЖО аяқталғаннан кейін МЕТ шыңының - 0,61-ге өзгеруін болжайды. Нәтижелер жүрек ауруымен емделетін әйелдерде нашар, өйткені әйелдердің қатысу деңгейі әлдеқайда төмен. Сондықтан зерттеушілер мен дәрігерлер қалпына келтіру жолындағы кедергілерге назар аударатын мамандандырылған бағдарламаларды ұсынды. Әйелдер арасында физикалық терапиямен қатар психоәлеуметтік араласуларға

назар аудару ұсынылды, бұл олардың әлеуметтік байланысына ауыртпалық сезімін азайтады. Бұл нәтижелер ЖО-на тіркелген егде жастағы және әйел науқастар үшін жеке емдеу жоспарларын жасаудың маңыздылығын көрсетеді. Алайда, басқа зерттеулер егде жастағы адамдарда жүрек оңалтуының тиімділігін көрсетті, мысалы Ades et al. оттегінің максималды қанығуы 70 жастан төмен науқастарда 15,9 мл/кг/мин болды, ал егде науқастарда ЖО кейін 21,5 мл/кг/мин-на дейін жақсаруын байқады. Эпидемиологиялық зерттеулердің нәтижелері науқастар стационарлық және емханалық кезеңдерде де емдеуді қажет ететіндігін көрсетеді. Болжам тек хирургиялық араласу мен дәрі-дәрмек терапиясымен ғана емес, сонымен қатар отадан кейінгі кезеңде науқастарды басқару тактикасымен, әсіресе ЖО бағдарламасын таңдаудың дұрыстығымен анықталады. Жоғарыдағының барлығы зерттеу өзектілігін айқындайды, яғни жүрекке ашық отадан кейінгі науқастарға арналған жүректі оңалту бағдарламасының жаттығуларын анықтап, сол жаттығулардың әдіснамалық аспектілерін жүйелей отырып, эффективтілігін бағалау; сонымен қатар, SF-36 саулнамасы арқылы өмір сүру сапасын бағалау болып табылады [16].

Жүрек оңалтуының жүйелі бағдарламасы ауру ағымын жақсартып қана қоймай, атеросклероздың дамуын бәсеңдетуге ықпал етеді, қандағы липидтік алмасуын қалыпқа келтіре отырып, физикалық белсенділікке төзімділікті арттырады. Осылайша, жүрек оңалтуы аурудың барысы мен нәтижелерін жақсартуға мүмкіндік береді. Жүрек оңалтуы науқастардың стационарда болуын 2 есе қысқартып, науқастардың еңбекке жарамсыздық мерзімдерін азайтуына септігін тигізді.

Диссертациялық жұмыс Қазақстанда алғашқы рет орындалуда, басқа клиникаларда (Мейо клиникасы, Кливленд клиникалары, Траст клиникалары, Ресей ғылыми кардиологиялық орталығы, Беларусь Ғылыми зерттеу кардиология орталығы және т.б.) жасалатын бағдарламалардан айырмашылығы жүреккке ашық отадан кейін жаттығуларды жүйелеп, Вонг-Бейкер шкаласын пайдалану арқылы жасалатын жаттығулар орындалатындығы бағаланады, сонымен қатар Борга шкаласын санау арқылы жаттығуларға науқас бейімделеді; тағы бір айырмашылығы МЕТ және оттегінің максималды тұтынуын анықтау арқылы жүйеленген бағдарламадағы жаттығулардың тиімділігі сиппаталады. Дегенмен, SF-36 кең көлемде көптеген жүрек оңалтуы зерттеушілерімен пайдаланылса да, бұл жұмыстың ерекшелігі науқас жасай алатын жаттығулардың өмір сапасына әсерін тек дәрілік ем қабылдайтын науқастармен салыстырғанда бағалануы болып табылады.

Зерттеу мақсаты

Жүрекке ашық отадан кейінгі науқастарға арналған жүректі оңалту бағдарламасының жаттығуларын анықтау арқылы әдіснамалық аспектілерін жүйелеу және олардың эффективтілігін бағалап, сауалнама арқылы өмір сүру сапасын бағалау.

Зерттеудің міндеттері

1. Жүрекке ашық отадан кейін науқастарға жүректі оңалту бағдарламасының жаттығуларын анықтау арқылы әдіснамалық аспектілерін жүйелеу.

2. Жүрекке ашық отадан кейінгі науқастарда жүйеленген жүректі оңалту бағдарламасының тиімділігін зерттеу.

3. Жүрекке ашық отадан кейінгі науқастарда жүйеленген жүректі оңалту бағдарламасының әсерін бағалау.

4. Сауалнаманы қолдана отырып, жүрекке ашық отадан кейінгі науқастардың өмір сүру сапасын бағалау.

Зерттеудің жалпы сипаттамасы

Зерттеу төрт кезеңнен өтеді:

1-ші кезеңде дайындық кезеңі. Зерттеу тақырыбын анықтау мақсатында және бағдарлама ұсыну үшін әдебиеттерге жалпы шолу жасау. Зерттеу мақсаты, міндеттерін анықтау. Зерттеу обьектісі және методологиясын белгілеу. Зерттеу протоколын дайындау. Сауалнама дайындау.

2-ші кезеңде бағдарлама құру және зерттеу жүргізу.

3-ші кезеңде алынған мәліметтерді саралау және сараптау.

4-ші кезеңде мәліметтерді өңдеу және қорытындылау.

Диссертациялық жұмыстың қорғауға қойылған ұсынылымы

1. Кеуде торының бүтіндігін бұзатын жүрекке ашық отасы кезінде бойлық стернотомияны ескере отырып, науқастарда жүрек оңалтуын жүргізу үшін оңтайлы физикалық жаттығуларды таңдап, содан кейін жүрек оңалтуының арнайы бағдарламасын жасауды қажет етеді.

2. Жүрекке ашық отадан кейінгі науқастарда жүректі оңалту бағдарламасын жүргізу кезінде оңтайлы таңдалған физикалық жаттығулар тиімді және аурухана деңгейінде оңай орындалады.

3. Жүйеленген дене жаттығуларымен жүрек оңалтуы бағдарламасын жүргізу кезінде жүрекке ашық отадан кейінгі науқастардың өмір сүру сапасы жақсарады.

4. Дұрыс таңдалған физикалық жаттығулар стеромедиастиниттен кейінгі науқастардың жаттығуы мен физикалық белсенділігін жақсартады, сонымен қатар, жалпы денсаулық пен психологиялық статусты арттырады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы

Жүрекке ашық отадан кейінгі науқастарға арналған жүрек оңалтуының жүйелік бағдарламасындағы жаттығулардың әдіснамалық аспектілері жүйеленіп, жаттығулардың тиімділігі және науқастарда орындалуы мен әсері клиникада зерттелінді.

Жүйеленген жүрекке ашық отадан кейінгі науқастарда жүрек оңалту бағдарламасының өмір сүру сапасына әсері сипатталды.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы

Жүрек оңалтуының жүйеленген бағдарламасы практикалық денсаулық сақтау саласында жүрекке ашық отадан кейінгі науқастарда жүректі қалпына келтіру шараларын жүргізу үшін қолданылады.

Жүректі оңалту бағдарламасынан кейін жүрекке ашық ота жасалғаннан кейін науқастардың өмір сапасы жақсарды.

Жүректі оңалту фонында жүрекке ашық отадан кейінгі науқастардың әлеуметтік жағдайы жақсарды.

Қорытындылар:

1. Жүрекке ашық отадан кейін науқастарға арнайы құрылған оңалтудың жүйелі жаттығулар бағдарламасы орындалатыны айқындалды, нәтижесінде жаттығуларды жасау ұзақтығы 8,9 есеге 6 айда жоғарылады.

2. Жүрекке ашық отадан кейінгі науқастарда оңалтулық жаттығулар тек дәрілік ем алған науқастармен салыстырғанда жүрек жеткіліксіздігі көрсеткіші ретінде қолданылатын 6 минуттық жүру тестінің 1,44 есе жоғары болғандығы анықталды. Сонымен қатар, ауырсыну белгісі Вонга-Бейкера шкаласында оңалтудан кейінгі науқастарда 1-3 бал болса, тек ем алғандарда 3-7 балдар болды, яғни ауырсынуды жасалатын арнайы таңдалған жүйелі жаттығулар әлдеқайда бәсеңдетеді.

3. Жүрекке ашық отадан кейінгі науқастарда жүректі оңалту бағдарламасының жаттығуларын жасауды бағалаған SF-36 сауалнамасы нәтижесінде өмір сүру сапасы 17%-ға өсті, ауырсынудың қарқындылығы 20%-ға төмендегені анықталды, сонымен қатар, психологиялық статус 15%-ға жақсарды.

4. Жүйелі таңдалған физикалық жаттығулар стеромедиастиниттен кейінгі науқастардың физикалық белсенділігін арттырады, сонымен қатар, жалпы денсаулық пен өмір сүру сапасын жақсартады.

Диссертацияны апробациялау

Жұмыстың негізгі нәтижелері баяндалды және талқыланды: созылмалы жүрек жеткіліксіздігі бойынша кардиологтар мен кардиохирургтардың 3-ші Халықаралық конференциясы (Түркістан, 2021) және ESC Preventive cardiology congress – 2022 (online).

Диссертация тақырыбы бойынша жарияланымдар

Диссертация материалдары бойынша 10 ғылыми жұмыс, оның ішінде SCOPUS деректер қорына кіретін шетелдік ғылыми басылымдарда 2 жарияланым (Effects of Cardiac Rehabilitation of Physical Capasity and Quality of Life in Patients After Open Heart Surgery Complicated by Sternomediastinitis, Scopus SJR Q2 процентиль 58% Bangladesh Journal of Medical Science, 2024, 23(2), страницы 527–538 және Effects of the cardiac rehabilitation program on the quality of life in patients after open-heart surgery Scopus SJR Q4 процентиль 6% Heart Vessels Transplant 2024; 8, doi: 10.24969/hvt.2024.479), Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 6 жарияланым; кардиологтар мен кардиохирургтардың созылмалы жүрек жеткіліксіздігі бойынша конференция материалдарында Cardio-Vascular System журналында 3 тезис (Түркістан, 2021)және ESC Preventive Cardiology (онлайн, 2022 ж.) 1 тезис жарияланды. Сонымен қатар, 1 авторлық құқық жүрек оңалту бағдарламасына жасалды.

Диссертацияның көлемі мен құрылымы


Жұмыс 92 беттен тұрады (қосымшаны қоспағанда), кіріспеден, әдебиеттерді шолудан, зерттеу материалдары мен әдістерінен, жеке зерттеу нәтижелерінің тарауынан, қорытындыдан, тұжырымдардан, практикалық ұсыныстардан, әдебиеттер тізімінен тұрады, сонымен қатар 22 сурет пен 24 кестеден тұрады.

1 ӘДЕБИ ШОЛУ

1.1 Қазіргі әлемдегі қан айналымы жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітім мен сырқаттанушылық үрдістері

Жүрек ауруларынан болатын өлім-жітім бүкіл әлемде себептердің арасында бірінші орында және Қазақстан да бұл жағдайдан тыс емес [1, с. 5-9; 2, с. 6-9; 3, с. 20-21; 4, с. 22; 5, p. 50-58]. ДДҰ деректері бойынша бүкіл әлемде миокард инфарктынан болатын өлім-жітім 31%-ды құрайды, ал Қазақстанда денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығының (ДСДРО) деректері бойынша 23%-ды құрайды; сондай-ақ, қан айналымы жүйесі ауруларынан (ҚЖА) болатын ауру 2019 жылға қарағанда 2020 жылы 5,9%-ға, ал өлім 18,2%-ға өсті.

ДДҰ аурулары ауыртпалығын жаһандық зерттеу деректері бойынша 1-суретте көрсетілгендей 1990 жылдан бастап 2017 жылға дейін тәуекел факторлары бойынша ЖИА ауыртпалығын бағалау жүргізілді.



АГ – артериялық гипертензия; ВМІ – дене массасының индексі

Сурет 1 – Жүректің ишемиялық ауруларының ауыртпалығын бағалау

Жүрек-қан тамырлары ауруларының жаһандық зерттеуінің бағалауларына сүйенсек, оның таралу деңгейі 2016 жылы 154 миллион адамды құрды, бұл жүрек-қан тамырлары ауруларының жаһандық ауыртпалығының 32,7%-ын және аурудың жалпы жаһандық ауыртпалығының 2,2%-ын құрайды [6, p. 1211-1258]. 2009-2012 жылдар аралығында Денсаулық жағдайын ұлттық зерттеу деректері негізінде Американдық жүрек қауымдастығы ЖИА таралуын 15,5

миллионға бағалады; осылайша, АҚШ-та 7,6% ер адамдар және 5,0% әйелдер ЖИА-мен өмір сүрді [7, p. 9-11]. Франциядағы ONACI тізілімінде ЖИА ауруы 45-65 жас аралығындағы ерлер арасында жылына ~ 1%-дан (сол жастағы әйелдер арасында сәл жоғары) жынысына қарамастан 75-84 жастағы науқастарда ~ 4%-ға дейін ауытқиды [8, p. 317-319].

Емдеудің заманауи тәсілдері

ЖИА жүргізу бойынша клиникалық ұсыныстарды бірнеше қоғамдар мен ұйымдар әзірледі. Осы нұсқаулықтардағы емдеудің жалпы мақсаттары симптомдарды жеңілдету (дәрі-дәрмекпен және реваскуляризациямен) және болашақта жүрек-тамыр ауруларының алдын алу болып табылады. Жүрек-қан тамырлары ауруларының қайталама профилактикасы бойынша ұсыныстарға өмір салтын өзгерту, науқастарды оқыту және фармакологиялық терапия арқылы жүрек-қан тамырлары ауруларының (мысалы, қант диабеті, гипертензия және темекі шегу) қауіп факторларын бақылау кіреді. Сонымен қатар көптеген науқастарға тромбозға қарсы препараттарды қолдану ұсынылады [9, p. 2949-3002; 10, p. 1065-1159; 11, p. 837-848; 12; 13, p. e71-e125; 14, p. e44-e163; 15; 16; 17-19].

Созылмалы ЖИА бар амбулаториялық науқастарды тіркейтін CLARIFY регистрі 75 жастан жоғары науқастар жас науқастарға қарағанда бета-блокаторларды, гиполипидемиялық препараттарды, аспиринді немесе ангиотензин айналдырушы фермент тежегіштерін (ААФ) аз қабылдады, бірақ кальций каналдарының блокаторларын, ангиотензин рецепторларының блокаторларын (АРБ), нитраттармен немесе диуретиктермен емделу ықтималдығы жоғары болды (бұл егде жастағы науқастарда қосалқы аурулардың ауыртпалығын көрсетеді). Сонымен қатар, әйелдердің коронарлық ангиография немесе миокард ишемиясына инвазивті емес тестілеуін, сондай-ақ тері арқылы коронарлық араласу (ТАКА) немесе аорта коронарлық шунттау (АКШ) немесе ААФ тежегіштерін немесе липидті төмендететін препараттарды қабылдау мүмкіндігі ерлерге қарағанда азырақ болды. Барлық жастағы ерлер мен әйелдердің аспирин қабылдау үлесі бірдей болды [20]. Канада, Франция және Германиядағы REACH тізілімдерінде ЖИА науқастарының көпшілігі тіркеу кезінде статиндерді қабылдаған (тиісінше 85,3%, 77,6 және 79,1%); аспиринді қолдану (ең жиі тағайындалатын тромбоциттерге қарсы препарат) сәйкесінше 83,6%, 66,0 және 73,3%, ал ААФ тежегіштерін қолдану сәйкесінше 58,1%, 42,8 және 61,3% құрады. ≥65 жастағы тұрақты ЖИА бар 20 000-нан астам науқаста жүргізілген Канадалық зерттеуде оңтайлы дәрі-дәрмек терапиясын қолдану (бета-блокатор, АРБ/ААФ тежегіштері және статиндер) 61% құрады. Деректер базасының шектеулеріне байланысты аспиринді талдауға қосу мүмкін болмады [21].

Ишемиялық ЖИА оңтайлы емі әлі де қызу пікірталастың ортасында. Рандомизацияланған зерттеулер (РЗ) және көптеген ретроспективті зерттеулер жиынында ЖИА-ға қабылданған екі тәсілдің, атап айтқанда тері арқылы коронарлық араласу (ТАКА) мен аортокоронарлы шунттау (АКШ) бойынша оталардың нәтижелері мен қауіп/пайда теңгерімі зерделенді. Бұл сынақтар кейбір шешілмеген мәселелерге қарамастан, ағымдағы ұсыныстарды әзірлеуге

негіз болды [22]. Осы жағдайда сол жақ коронарлық артерияның (СКА) ауруын емдеуде ең жақсы әдісін анықтауға күш салынды және осы мақсатта рандомизацияланған зерттеулердің заманауи мета-анализдері жасалды [23-27]. Егер СКА ауруына қатысты жалпы консенсус қауіпсіздік нәтижелеріне бойынша ТАКА мен АКШ эквиваленттілігіне бейім болып көрінсе де, ТАКА кезінде қайта реваскуляризацияның артуымен және АКШ кезінде инсульт санының аздап артуымен [28-31] сипатталады. Басқаларына қарағанда кең таралған көп тамырлы ауру жағдайында емнің қолайлы деңгейіне әлі де қол жеткізілген жоқ. Рандомизацияланған зерттеулер мен мета-анализдердің табиғатына тән бірнеше шатастыратын факторлар (мысалы: статистикалық қуаттың жеткіліксіздігі, таңдаудың жүйелі қателігі, СКА мен ОКА ауруларын қосылуы және т.б.) бейтарап қорытындыға келуге мәжбүр болды. Сонымен қатар, қазіргі уақытта жарияланған ТАКА нәтижелерін жинақтайтын жүйелі шолулар көбінесе осы тақырып бойынша дәлелдерге түпкілікті талдау жасауға мүмкіндік бермейді [32].

Дәрі-дәрмектермен қапталған стенттер (DES) пайда болғаннан бастап және олардың металл стенттерден артықшылығын растайтын мәліметтер шыққаннан соң [33], АКШ-та ТАКА нәтижелері туралы бірнеше зерттеулер жарияланды. BEST зерттеушілері эверолимус стентінің нәтижелері АКШ-дан төмен еместігін көрсету үшін рандомизацияланған бақыланатын сынақ жүргізді. Сынаққа жинақтау баяу болғандықтан зерттеут тоқталған еді; алайда жинақталған 800-ден астам науқастардың нәтижелері ретінде 2 жылдан кейін миокард инфаркты (МИ) пайда болуы мене нысана-тамырлардың реваскуляризациясының жиынтық өлімдігі ТАКА тобында 11,0%-ды құрады, ал АКШ тобында 7,9%-ды құрды. Осы зерттеуде неғұрлым ұзақ кезеңінде елеулі айырмашылықтар байқалды: (медиана 4,6 жыл) ТАКА тобындағы науқастардың 15,3%-ы және АКШ тобындағы науқастардың 10,6%-ы [34].

SYNTAX зерттеуінде 1800 науқастарда АКШ-пен салыстырғанда ТАКА тиімділігі кем емес екендігі анықталды. Дегенмен ең аз тиімділік критерийлері сақталмады, өйткені 12 айдан кейін жүрек немесе цереброваскулярлық ауыр қолайсыз оқиғалардың жиілігі ТАКА тобында едәуір жоғары болды (17,8% - ға қарағанда 12,4%). Бұл ТАКА [35, 36] тобындағы қайта реваскуляризация жиілігінің (13,5%-ы 5,9%-ға қарсы) артуымен байланысты деп есептелді. CARDIA зерттеуі қант диабетімен ауыратын науқастардың кіші тобындағы жүректің ишемиялық ауруын емдеудің алғашқы зерттеуі болды, бұл шағын топтағы АКШ артықшылығын көрсетті, өлімнің, миокард инфарктының, инсульттің және реваскуляризацияның біріктірілген көрсеткіштері АКШ тобында 11,3% және 1 жылдан соң 19,3% ТАКА болды [37]. FREEDOM зерттеуі күрделі ЖИА және қант диабеті бар 1900 науқастарда осы нәтижелерді растады, аралас нәтиженің салыстырмалы түрде 5 жылдық көрсеткіштерінің төмен болуы, оның ішінде кез келген себептерден болатын өлім, МИ болатын өлім немесе өлім емес инсульт: ТАКА тобында 26,6% (АКШ тобындағы 18,7% қарсы). АКШ когортында инфарктылардың жиілігі жоғары болғанымен, өлім және МИ ТАКА тобында айтарлықтай жоғары болды, бұл диабеттік популяция ТАКА емес, АКШ-дан көбірек пайда көреді деген қорытындыға әкелді [38].

Кейіннен va-CARDS зерттеушілері рандомизацияланған зерттеудің нәтижелері туралы хабарлады, онда араласулар тек дәрі-дәрмектермен қапталған стенттермен және қант диабеті мен ауыр жүректің ишемиялық ауруы бар науқастардағы хирургиясымен (АКШ) салыстырылды. Қуаттылықтың жеткіліксіздігіне қарамастан, барлық себептерден болатын өлім-жітім 2 жылдан кейін АКШ үшін 5,0%-ды және ТАКА үшін 21%-ды құрады, ал өлімге әкелмейтін МИ тәуекелі АКШ үшін 15%-ды және ТАКА үшін 6,2%-ды құрды [39].

Жүрек оңалтуы туралы

Жүрек-қан тамырлары аурулары (ЖҚА) - жаһандық өлім мен аурудың жетекші факторы болып табылады, бірақ жүрек оңалтуының тиімді құралдарын қолдану болжамды жақсартады. Жүрек оңалтуының негізгі артықшылықтарына метаболикалық эквиваленттердің 33%-ға және оттегінің максималды тұтынылуының 16%-ға артуы кіреді. Жаттығу жасау барысындағы бұл жақсару, өмір сапасы мен жүрек-тамыр салдарына пайдалы әсер етумен байланысты. Сондықтан жүрек - қан тамырлары аурулары бар науқастарға көмектесудің тиімді әдісі ретінде қауіп факторлары мен кардиореабилитациялық бағдарламалар туралы түсіну керек.

Жүрек оңалту (ЖО) - бүкіл әлемде жүрек-қан тамырлары ауруларының (ЖҚА) ауыртпалығын жеңілдету үшін әзірленген медициналық көмектің нақты қалыптасқан үлгісі [40]. ЖО көп компонентті болғандықтан кешенді әдіс болып табылады. Осыған орай ЖО қызметтерінің сипаты мен сапасы әр түрлі болуы мүмкін, бұл өз кезегінде емделуші үшін пайда дәрежесіне әсер етеді. ЖО сапа көрсеткіштерін немесе тиімділік көрсеткіштерін әр түрлі ЖО қоғамдарымен бекітіледі. Әрдайым қолданыстағы ЖО компоненттерінің 20 индикаторы бар. Бірақ, ЖО осы стандарттарға сәйкес нақтыланған ба, жоқ па, ол жеткілікті түрде сипатталмаған [41, 42]. Жүрек-қантамыр аурулары бар науқастар үшін [43], реваскуляризациядан өткен [44, 45] және коронарлық артериялары зақымдануынан жүрек жетіспеушілігіне (ЖЖ) ұшыраған науқастар үшін клиникалық практика жөніндегі нұсқаулықтарда ЖО ұсынылады [9, p. 2949-3002; 46]. Жүргізілген мета-талдауларға сүйене отырып, жүрек оңалтуы жүрек қақпақшасын ауыстырғаннан кейін [39; 47], жүрек трансплантациясы [48] және жүрекшелер фибрилляциясы бар [49] науқастарда жүрек-қан тамырлары ауруларынан болатын өлім және қайта ауруханаға түсу қауіпін шамамен 20% төмендетеді деп айтуға болады. Осыған қарамастан, ЖО принциптері қабылданған көрсеткіштер бойынша [50, 51] және денсаулық сақтау тәжірибесі тұрғысынан елден елге қаржыландыру саясаты [52, 53] бойынша ерекшеленеді.

Сонымен қатар, ЖО-мен айналысатын ірі клиникалар ЖҚА қайталама профилактикасының барлық негізделген компоненттері мен нақты элементтерін (мысалы, темекі шегуді тоқтату бойынша, диеталық кеңес беру және стрессті басқару, дәрі-дәрмекпен енгізу және т.б.) құзыретті түрде ұсынуды ұсынады [54, 55].

Дегенмен, ЖО медициналық бағдарламаларының саны мен сипаты туралы, сондай-ақ Қазақстан халқына оңалту көмегін көрсететін ауруханалар мен бөлімшелер туралы мәлімет өте аз; бұдан басқа, ЖҚА қауіп факторларын

қоса алғанда, ЖО барлық негізгі компоненттерін беруге қалай әсер ететіні бізге белгісіз. Ауру мен өлім қаупін алдын алу үшін пәнаралық оқыту және жаттығу бағдарламасын қамтамасыз ете отырып, ЖО жүрек-қан тамырлары аурулары бар адамдарға үздіксіз күтім жасаудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Халықаралық деңгейде кардиореабилитациялық бағдарламалар әртүрлі модельдер көмегімен жүзеге асырылады, бұл бағдарламалар саны 1-кестеде көрсетілген [56-58].

Кесте 1 – Дүниежүзіндегі елдері мен өңірлері бойынша бөлінген кардиологиялық оңалту бағдарламалары және оларды орындай жауаптары мен жылдамдықтары

Аймақ ел	Бағдарламалар саны	Жауаптар саны	Жауап жылдамдығы, %
1	2	3	4
Африка			
Алжир	1	1	100.0
Бенин	1	0	0.0
Кения	3	1	33.3
Маврикий	1	1	100.0
Нигерия	1	1	100.0
Оңтүстік Африка	23	14	60.8
Танзания	1	0	0.0
Уганда	1	0	0.0
Аралық жиынтық (ЖО бар 5/8 ел бойынша; 62,5%)	32	18	56.3
Америка			
Аргентина	23	3	13.0
Аруба	1	0	0.0
Барбадос	1	1	100.0
Бермуд аралдары	1	1	100.0
Бразилия	75	30	40.0
Канада	170	57	33.5
Чили	10	1	10.0
Колумбия	50	48	96.0
Коста-Рика	6	6	100.0
Куба	8	8	100.0
Куракао	2	1	50.0
Доминикан Республикасы	2	1	50.0
Эквадор	5	2	40.0
Сальвадор	2	0	0.0
Гренада	1	0	0.0
Гуам	1	0	0.0
Гватемала	2	2	100.0
Гондурас	2	1	50.0
Ямайка	3	1	33.3
Мексика	24	9	37.5
Панама	1	1	100.0
Парагвай	3	3	100.0

1-кестенің жалғасы


1	2	3	4
Перу	10	7	70.0
Пуэрто-Рико	1	0	0.0
Тринидад және Тобаго	2	0	0.0
Америка Құрама Штаттары	250[a]	65	26.0
Уругвай	12	5	41.6
Венесуэла	9	8	88.9
Аралық жиынтық (ЖО бар 22/28 ел бойынша; 78,6%)	677	261	38.6
Шығыс Жерорта Теңізі			
Ауғанстан	1	1	100.0
Бахрейн	1	1	100.0
Мысыр	2	2	100.0
Иран	34	14	41.2
Кувейт	1	0	0.0
Ливан	1	1	100.0
Марокко	1	1	100.0
Пәкістан	4	2	50.0
Катар	1	1	100.0
Сауд Арабиясы	1	0	0.0
Тунис	1	1	100.0
Біріккен Араб Әмірліктері	1	0	0.0
Аралық жиынтық (ЖО бар 9/12 ел бойынша; 75,0%)	49	24	49.0
Еуропа			
Австрия	26	5	19.2
Беларусь	5	1	20.0
Бельгия	48	9	18.8
Босния және Герцеговина	1	1	100.0
Болгария	1	1	100.0
Хорватия	3	3	100.0
Кипр	1	0	0.0
Чех Республикасы	15	6	40.0
Дания	35	8	22.9
Англия	266	57	21.4
Эстония	2	2	100.0
Финляндия	25	11	44.0
Франция	130	16	12.3
Грузия	17	13	76.5
Германия	120	34	28.3
Грекия	4	4	100.0
Венгрия	33	20	60.6
Исландия	4	4	100.0
Ирландия	37	7	18.9
Израиль	22	6	27.3
Италия	221	70	31.7
Қазақстан	1	1	100.0
Қырғызстан	1	0	0.0

1-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Латвия	2	1	50.0
Литва	25	9	36.0
Люксембург	4	0	0.0
Солтүстік Македония Республикасы	1	1	100.0
Мальта	1	1	100.0
Черногория	1	0	0.0
Нидерланды	90	29	32.2
Солтүстік Ирландия	13	10	76.9
Норвегия	35	0	0.0
Польша	56	21	37.5
Португалия	23	21	91.3
Молдова Республикасы	1	1	100.0
Румыния	3	2	66.7
Ресей Федерациясы	3	3	100.0
Шотландия	69	24	34.8
Сербия	2	2	100.0
Словакия Республикасы	7	1	14.3
Словения	2	2	100.0
Испания	87	47	54.0
Швеция	69	1	1.4
Швейцария	51	4	7.8
Түркия	10	9	90.0
Уэльс	17	16	94.1
Аралық жиынтық (ЖО бар 41/46 ел бойынша; 89,1%)	1590	484	30.4
Оңтүстік-Шығыс Азия			
Бангладеш	1	1	100.0
Үндістан	23	18	78.3
Индонезия	13	10	76.9
Непал	1	1	100.0
Шри-Ланка	4	2	50.0
Тайланд	5	0	0.0
Аралық жиынтық (ЖО бар 5/6 ел бойынша; 83,3%)	47	32	68.1
Тынық мұхитының батыс бөлігі			
Австралия	314	85	27.1
Бруней-Даруссалам	2	2	100.0
Қытай (Макаоны қоса)	218	83	38.1
Жапония	325	9	2.8
Моңғолия	1	1	100.0
Жаңа Зеландия	43	27	62.8
Филиппин	10	10	100.0
Сингапур	7	7	100.0
Оңтүстік Корея	17	12	70.6
Тайвань	35	23	65.7
Аралық жиынтық (ЖО бар 11/11 ел бойынша; 100,0%)	978	263	26.9
Барлығы (93/111 ел бойынша; 83,7%)	3373	1082	32.1

2632 бағдарламадан кездейсоқ таңдау (с=350 бағдарламалары бар елдердегі барлық ЖО бағдарламаларымен байланыс орнатылған; 250-ден кездейсоқ таңдау арқылы байланыс орнатылды). Тек қосымша іріктеу зерттелді, сондықтан жауап беру деңгейі іс жүзінде жоғары (мысалы, Шотландия үшін әр Денсаулық сақтау аймағының басшылығы сұхбат алды және 100% жауап алынды).

Дегенмен жүрек қан-тамыр аурулары қазіргі кезде өршіп жатқандығын дүниежүзілік статистика мағлұматтары ақиқат бола алады. Көптеген жүрек аурулары барлық халықтарға қатысты, жүрек аурулары жыныстық немесе ұлттық немесе тері түсін талғамайды, 2-суретте көрсетілгендей барлық жер шарында адам бар жерде – дианостика бар жерде жүрек аурулары анықталады.



Сурет 2 – Жедел коронарлық синдром, тұрақты жүректің ишемиялық ауруы, реваскуляризация және жүрек жеткіліксіздігі жалпы қабылданған көрсеткіштер ретінде ел бойынша бөлінуде

Елдердегі жауап берген бағдарламалардың 80% миокард инфарктына/жіті коронарлық синдромға, жүректің тұрақты ишемиялық ауруына, тері арқылы коронарлық араласудан, аортокоронарлық шунттау отасынан және жүрек жеткіліксіздігі бар науқастардан кейін басшылық ұсынған көрсеткіштерді қабылдайды. Мұнда жауап беретін бағдарламалардың нақты жауаптарының саны бөлгіш болып табылады.

Оңалтуды жүргізетін медицина қызметкерлерінің атқаратын рөлі өте зор болып табылады. Қалай дегенмен оңалту жүргізген кезде жасап жатқан мейірбикелер де, тағайындап бақылап жатқан дәрігер-реабилитологтардан басқа мультидисциплинарлы команда болуы барлық мемлекеттерде оңтайлы

шешім жасалған. Алайда, барлық елдерде мультидисплинарлы команда құрамы әр түрлі болады, бірақ та тұрақты түрде физиотерапевт, кинезиолог, кардиолог, фармацевт, диетолог, және басқа да дәрігерлер мултидисциплинарлы командада тек қосымша емес, сонымен қатар негізгі атқарушы және көмектесуші қызметкер болады. Осындай мультидисциплинарлы командаға кіретін мейірбикелер мен дәрігерлер және басқа да мамандар 2-кестеде көрсетілген [56, p. 1761-1783; 57, p. 46-55; 58, p. 135-141].

Кесте 2 – Жүрек оңалту жүргізетін медицина қызметкерлерінің өңірлер бойынша бөлінісі

n (%)	Африка (n = 18)	Америка (n = 261)	ШЖТА (n = 24)	Еуропалық n (n = 484)	ОША (n = 32)	Тынық мұхитының батыс бөлігі (n = 263)	Бүкіл (N = 1082)	p
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Медбике	3 (21.4%)	175 (77.1%)***†††‖‖‖	20 (95.2%)††	367 (94.1%)***	22(75.9 %)	229 (93.5%)‖‖‖	816(88.1 %)	< 0.001
Диетолог	14 (87.5%)	171 (75.3%)	18 (85.7%)	305 (79.2%)	25 (89.3%)	206 (84.4%)	739(80.2 %)	0.82
Физио терапевт	11 (73.3%)	143 (63.3%)	14 (66.7%)	347 (89.0%)	23 (85.2%)	195 (79.6%)	733 (79.3%)	0.07
Кардиолог	9 (60.0%)	177 (77.6%)	18 (85.7%)	324 (83.1%)	28 (96.6%)	165 (67.9%)	721 (77.9%)	0.51
Әкімшілік көмекші / хатшы	10 (71.4%)	157 (69.8%)**	14 (70.0%)	289 (75.7%)†††‖	13 (46.4%)‖	113 (47.3%)**†††	596 (65.6%)	0.001
Психолог	6 (40.0%)	104 (46.2%)*	7(33.3%)	280 (72.4%)*†	17 (60.7%)	113(47.9%)†	527(57.8 %)	< 0.05
Кинезиолог / жаттығу маманы	12 (75.0%)	134 (59.3%)	10 (47.6%)	201 (52.5%)	8(28.6%)	112 (46.9%)	477(52.2 %)	0.36
Физио терапевт	5 (35.7%)	49 (22.6%)	13 (65.0%)	199 (52.5%)	10 (35.7%)	114 (47.3%)	389(43.4 %)	0.43
Әлеуметтік қызметкер	2 (14.3%)	71(32.6%)	8(40.0%)	167 (4.0.2%)	6 (20.7%)	126 (52.1%)	380 (42.2%)	0.20
Фармацевт	1 (7.1%)‖	55 (25.7%)	4 (20.0%)	119 (31.7%)‖	8 (28.6%)	179 (74.0%)¶¶¶	366 (41.0%)	0.001
Психиатр	3 (21.4%)	31 (14.4%)	11 (55.0%)	95 (25.5%)	11 (40.7%)	57 (24.2%)	208 (23.5%)	0.10
Спорттық медицина дәрігері	9 (56.3%)	37 (17.0%)	12 (57.1%)	71 (19.2%)	3 (10.7%)	51 (21.4%)	183 (20.5%)	0.21
Қоғамдық медицина қызметкері	1 (7.1%)	17 (7.9%)	3 (14.3%)	69 (18.5%)	3 (15.4%)	72 (30.3%)	166 (18.7%)	0.43
Басқа дәрігер	3 (21.4%)	88 (41.3%)	10 (50.0%)	156 (42.2%)	17 (58.6%)	60 (26.3%)	334 (38.2%)	0.43

2-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9
Басқа медици налық емес тұлғалар	3 (30.0%)	43 (37.4%)	3 (27.3%)	65 (33.5%)	8 (57.1%)	49 (29.7%)	171 (33.6%)	0.66
Бағдарлама қыз мет керлерінің жалпы саны	4.7 ± 2.6	5.2 ± 2.2	6.4 ± 2.2	6.5 ± 3.1	5.5 ± 3.0	5.5 ± 2.7	5.9 ± 2.8	0.08
Оқу-жаттығу кезінде қатысатын ЖО қызметкерлері								
Физиотерапевт	8(80.0 %)	120 (57.1%)	11 (68.8%)	261 (81.1%)	20 (83.3%)	157 (74.8%)	577 (72.9%)	0.29
Медбике	1 (10.0%)	138 (65.4%)	16 (94.1%)	223 (69.7%)	16 (66.7%)	181 (84.6%)	575 (72.2%)	0.08
Кинезиолог / жаттығу маманы	11 (78.6%)	116 (57.1%)	6 (40.0%)	123 (42.0%)	6 (26.1%)	59 (30.1%)	321 (43.1%)	0.06
Кардиолог	0 (0.0%)	57 (28.2%)	3 (20.0%)	98 (3.0.9%)	12 (48.0%)	76 (38.6%)	246 (32.6%)	0.64
Физиотерапевт	1 (11.1%)	33 (17.1%)	6 (42.9%)	63 (21.9%)	3 (13.0%)	66 (33.7%)	172 (23.8%)	0.98
Диетолог	2 (22.2%)	24 (13.0%) ***	10 (66.7%) *** ‖‖ ††† ◊◊	27 (10.1%) ‖‖	4 (17.4%) ◊◊	18 (9.3%) †††	85 (12.3%)	0.001
Спорттық медицина дәрігері	8 (57.1%)	15 (8.2%)	8 (47.1%)	27 (9.8%)	0 (0.0%)	21 (11.0%)	79 (11.2%)	0.29
Басқа дәрігер	1 (11.1%)	25 (13.3%)	5 (38.5%)	25 (9.1%)	6 (24.0%)	16 (8.6%)	78 (11.2%)	0.08
Қоғамдық медицина қызметкері	0 (0.0%)	2 (1.1%)	1 (7.1%)	6 (2.3%)	0 (0.0%)	23 (12.2%)	32 (4.7%)	0.25
Басқа	2 (25.0%)	39 (29.3%)	1 (33.3%)	37 (18.5%)	2 (11.8%)	35 (23.8%)	116 (22.8%)	0.50
Жаттығуға қатысқан бағдарлама қызметкерлерін ің жалпы саны (орташа мәні ± SD)	2.6 ± 1.4	2.8 ± 1.4	4.5 ± 2.3	2.9 ± 1.8	3.1 ± 1.4	3.4 ± 2.1	3.1 ± 1.8	0.28
Бір қызмет керге қызмет көрсетілген науқастар саны (орташа мәні ± SD)	3.2 ± 1.7 *	4.4 ± 3.1	2.8 ± 1.3 †††	5.8 ± 12.1* ‖‖	3.1 ± 1.4	4.2 ± 3.4 ‖	4.8 ± 8.0	< 0.05

Ескертулер:

1. Жұптық салыстыру үшін*†††¶¶: бір таңба = p < .05; екі таңба=p<.01; 3 таңба=p<.001. ¶ Статистикалық тұрғыдан барлық аймақтардан ерекшеленеді.
2. ЖО = Жүрек оңалту.
3. ШЖТА = Шығыс Жерорта теңізі аймағы.
4. ОША = Оңтүстік-Шығыс Азия аймағы.
5. SD = стандартты ауытқу

Жалпы жасалып жатқан оңалту бағдарламалары бірнеше компоненттерден құралады, әр өңірде оңалту компонеттері ерекшеленеді және бұл компоненттер ерекшеліктері 3-кестеде көрсетілген [56, p. 1761-1783; 57, p. 46-55; 58, p. 135-141]

Кесте 3 – Жүрек оңалтудың компоненттері және аймақтарға бөлінген басқа элементтер

n (%)	Африка (n = 18)	Америка (n = 261)	ШЖТА (n = 24)	Еуропалық (n = 484)	ОША (n = 32)	Тынық мұхиты ның батыс бөлігі (n = 263)	Бүкіл (N = 1082)	p
1	2	3	4	5	6	7	8	9
